



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
Депутаттары2022 жылғы 30 қарашадағы
№ ДС-349

Құрметті депутаттар!

Туберкулезбен ауыратын науқастарды әлеуметтік қолдау туралы депутаттық сауалды қарап, келесіні хабарлаймыз.

Қазақстан Республикасы Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы Кодексінің 159-бабының 1-тармағында жергілікті атқарушы органдар амбулаториялық емделіп жатқан туберкулезбен ауыратын адамдарға әлеуметтік қолдау көрсетеді.

Аталған әлеуметтік көмек Үлгілік қағидалар¹ (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар) негізінде республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) әкімдіктерімен қабылданатын аймақтық қағидаларда белгіленеді. Әкімдіктерімен қабылданатын аймақтық қағидаларда **туберкулезбен ауыратын науқастарға** әлеуметтік көмек ұсыну көзделген.

Бұл ретте, әлеуметтік көмектің мөлшері, оны көрсету мерзімділігі әр өңірде ерекшеленеді және бюджеттің мүмкіндігіне қарай жергілікті уәкілетті органдардың (мәслихаттың) шешімі бойынша жеке белгіленеді.

Үлгілік қағидалардың 13-тармағына сәйкес адамның (отбасы мүшелерінің) **табысына қарамастан тағайындалатын әлеуметтік көмекті алу үшін адамның (отбасы мүшелерінің) табысы туралы мәліметтер ұсынылмайтыны белгіленген.**

Яғни, амбулаториялық емдеу кезеңінде туберкулезбен ауыратын науқастарға ұсынылатын әлеуметтік көмек түрі табысына қарамастан тағайындалатын көмек болып табылады.

Бүгінгі күні туберкулез ауруына шалдыққан амбулаториялық емдеумен қамту 75,2 %-ды құрайды, оның ішінде 42,3%-ы нақты уақыт режимінде медицина қызметкерінің бақылауымен ем алады (бейне-бақыланатын ем), туберкулезге қарсы препараттарды қабылдау үшін дәрілердің қабылдауына күн сайын келуге мүмкіндігі жоқ ауыр науқастар үшін үйде емдеу (1,6%) және мобильді бригадалармен туберкулезге қарсы препараттарды тасымалдау (2,5%) көзделген.

¹ «Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидалары» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 қаулысымен бекітілген

Анықтама: 2022 жылдың 10 айында медициналық мекемелердің ұсынған тізімдері негізінде амбулаториялық ем алу мерзімінде туберкулезбен ауыратын 11 472 адамға әлеуметтік көмек (6 126 теңгеден 45 945 теңге аралығында) көрсетілген, оның ішінде:

- ай сайынғы негізде 10220 адамға;
- тоқсан сайын – 256 адамға;
- жылына бір рет 996 адамға әлеуметтік көмек көрсетілді.

Бұдан басқа жекелеген өңірлерде туберкулезге қарсы іс-шаралар жоспары әзірленіп, соған сәйкес емделуге, жол жүруге, азық-түлік жиынтығын сатып алуға материалдық көмек, сондай-ақ туберкулезбен ауыратын балалары бар ата-аналарға психоәлеуметтік көмек көрсетілуде.

Осыған орай, Үлгілік қағидаларда әлеуметтік көмек көрсетудің соның ішінде, туберкулезбен ауыратын науқастарға әлеуметтік көмекті ұсынудың негізгі талаптары мен процесстері белгіленгендігін хабарлаймыз.

«Туберкулез» компоненті бойынша Жаһандық қор жобасы Қазақстан Республикасында (Алматы қаласын қоспағанда) туберкулез жағдайларын анықтаумен және адамның иммун тапшылығы вирусымен өмір сүретін адамдар, есірткі қолданушылар, ішімдік ішетіндер, тұрғылықты орны жоқ адамдар, бұрынғы сотталғандар сияқты денсаулық сақтау жүйесі үшін «қол жеткізілуі қиын» халықтың негізгі топтары арасында емделуге бейімділігін арттырумен айналысатын 18 үкіметтік емес ұйымның жұмысын қолдайды.

Анықтама: 2022 жылдың 10 айында үкіметтік емес ұйымның күшімен нысаналы топтардан шыққан 68 557 адам туберкулез туралы хабардар етілді, 8 732 адам медициналық мекемелерге жіберілді, 4 520 адам GХpert әдісімен тексерілді, белсенді туберкулездің 518 жағдайы анықталды. Үкіметтік емес ұйым анықтаған туберкулезбен ауыратын науқастармен байланыста болған 1173 адам тексерілді, туберкулезбен ауыратын 1720 пациент амбулаториялық емдеу кезеңінде қолдауға алынды, оның ішінде 1683-і емін үзбей алды, емдеуден ажыраған белсенді туберкулезбен ауыратын 322 пациент емделуге қайтарылды.

Аталған грантты іске асыру шеңберінде республика үшін біріздендірілген үкіметтік емес ұйымның қызметін қаржыландыру тетіктері мен бағалау критерийлері пысықталды. Соның негізінде жергілікті атқарушы органдар үшін үкіметтік емес ұйымның қызметінің тиімділігін бағалаудың дайын техникалық тапсырмасы мен критерийлері әзірленген.

Сонымен қатар, мемлекеттік бюджеттің 4-ші деңгейі ретінде жергілікті өзін-өзі басқарудың дербес бюджеті енгізіліп, әкімдердің жергілікті жердегі өзекті мәселелерді шешу бойынша мүмкіндіктері кеңейтілгенін атап өтеміз.

Осыған байланысты, қолданыстағы заңнамаға сәйкес жергілікті атқарушы органдарға мемлекеттік гранттардың қаржыландыру көлемін ұлғайту қажеттілігі туындаған жағдайда (үкіметтік емес ұйымдармен келісе отырып) жүзеге асыруға мүмкіндік берілгенін хабарлаймыз.

Бұл бағыттағы жұмыстар жалғасуда және Үкіметтің тұрақты бақылауында.

Е. Жамаубаев